

*Кәсіби бағдар беру бойынша өткізілген отырысының*

*№2 хаттамасы*

*Күні: 11.09.2023 ж*

*Қатысушылар:*

*Күн тәртібіндегі мәселелер:*

*1.Болашақ мамандықты таңдадыңызба? Дөңгелек үстел*

*Тыңдалды:*

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кэ Азигуль сөз алды. Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапсаң дүниеге пайдасы бар кірпіш ретінде қаланудың мүмкіндіктеріне қол жеткізесің. Болашақта қандай маман иесі болғым келеді, қай мамандықты таңдасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Мамандық таңдау — адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзбен айтқанда шама-шарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан ыждаһаттылықпен таңдау жасауы тиіс. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Бірақ, біздің жастарымыз осы тұрғыдан келгенде аяғын шалыс басып, өз таңдауларын дұрыс жасай алмай, көп опық жеп отыратын кездері де кездеседі.

*Қаулы етеді: 9-11 сыныптар арасында өткізілген «Болашақ мамандықты таңдадыңызба?» тақырыбындағы дөңгелек үстел бойынша талқыланған тақырыптар алдағы уақытта қолға алынсын.*

*Хатшының аты-жөні, қолы:*

*Жай*

*Жайғұра Ғ.Т.*